

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық кесімдерге мониторинг жүргізу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 25 тамыздағы N 817 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 тамыздағы
№ 964 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.08.25 № 964 Қаулысымен.

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы
43-1-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ**
ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Заңға тәуелді нормативтік құқықтық кесімдерге
мониторинг жүргізу ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 6

ж ы л ғ ы

2 5

т а м ы з д а ғ ы

N

8 1 7

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық кесімдерге мониторинг жүргізу ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Заңға тәуелді нормативтік құқықтық кесімдерге мониторинг жүргізу
ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан
Республикасының Заңына сәйкес әзірленді.

2. Ереже Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген өз құзыретіне
сәйкес қабылдауға құқығы бар және (немесе) олар әзірлеушілері болып
табылатын мемлекеттік органдардың (бұдан әрі - уәкілетті органдар) заңға
тәуелді нормативтік құқықтық кесімдеріне мониторинг жүргізу тәртібін
белгілейді.

Осы Ереже мемлекеттік құпияларды және (немесе) қызметтік ақпаратты қамтитын заңға тәуелді нормативтік құқықтық кесімдерге немесе олардың жекелеген бөліктеріне қолданылмайды.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.23 N 619 қаулысымен.

3. Заңға тәуелді нормативтік құқықтық кесімдердің (бұдан әрі - заңға тәуелді кесімдер) мониторингі Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін және ескірген құқық нормаларын анықтау, оларды іске асырудың тиімділігін бағалау әрі оларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу немесе олардың күші жойылды деп тану бойынша уақытылы шаралар қабылдау үшін жүргізіледі.

4. Заңға тәуелді кесімдерге мониторингті тиісті уәкілетті орган (оның ішінде іске асыруды уәкілетті орган жүзеге асыратын бұрын қабылданған кесімдер бойынша) әзірлеген және (немесе) қабылдаған заңға тәуелді кесімдерге қатысты уәкілетті органның құрылымдық бөлімшелері және (немесе) ведомстволары (бұдан әрі - бөлімшелер) тұрақты негізде жүргізеді.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.07.23. N 619 қаулысымен.

5. Уәкілетті органдарда заңға тәуелді кесімдердің мониторингі бойынша бөлімшелердің қызметін үйлестіруді заң қызметтері, олар болмаған жағдайда - уәкілетті органның басшысы айқындайтын құрылымдық бөлімшелер (бұдан әрі - тиісті құрылымдық бөлімшелер) жүзеге асырады.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.12.25 N 2187 Қаулысымен.

6. Заңға тәуелді кесімдердің мониторингі бойынша уәкілетті органдардың қызметін үйлестіруді Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі жүзеге асырады.

2. Мониторинг жүргізу

7. Осы Ереженің 3-тармағында көрсетілген мақсаттарда мониторинг жүргізу кезінде бөлімшелер мыналарды қарайды:

1) тиісті уәкілетті орган әзірлеген және (немесе) қабылдаған (оның ішінде іске асыруды уәкілетті орган жүзеге асыратын бұрын қабылданған кесімдер) заңға тәуелді кесімдерді;

2) қаралатын заңға тәуелді кесімдерді реттеу мәніне байланысты нормативтік құқықтық кесімдерді, оның ішінде Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің және Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларын;

3) заңға тәуелді кесімдерді қолдану практикасына қатысты уәкілетті органға келіп түскен азаматтардың өтініштерін талдау мен қорыту және прокурорлық

қадағалау актілерін, сот шешімдерін, сондай-ақ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бөлігінде қолданыстағы заңнаманы жетілдіру жөніндегі ведомствоаралық комиссияның ұсынымдарын қарау нәтижелерін;

4) заңға тәуелді кесімдерді қолдану туралы мәліметтер (статистикалық деректерді қоса алғанда) және басқа бөлімшелер, сондай-ақ уәкілетті органның сұрау салуы бойынша оның аумақтық органдары және (немесе) мүдделі мемлекеттік органдар беретін оларды жетілдіру туралы ұсыныстарды;

5) заңға тәуелді кесімдердің қабылдануына және қолданылуына қатысты бұқаралық ақпарат құралдарындағы және көпшіліктің қолы жетімді телекоммуникациялық жүйелердегі интернет-ресурстардағы жарияланымдарды;

6) қолданыстағы заңнаманың проблемалары бойынша өткізілетін ғылыми-практикалық конференциялардың, семинарлардың, кеңестердің ұсынымдарын, сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдар ұсынатын материалдарды.

Жоғары тұрған деңгейдегі жаңа нормативтік құқықтық актілерді қабылдау кезінде уәкілетті органның бөлімшелері тиісті құрылымдық бөлімшелермен бірлесіп, үш жұмыс күні ішінде жоғары тұрған деңгейдегі жаңа нормативтік құқықтық актілерді реттеу нысанасына байланысты заңға тәуелді актілерге т а л д а у ж а с а й д ы .

Заңға тәуелді актілердің жоғары тұрған деңгейдегі жаңа нормативтік құқықтық актілерге сәйкес келмейтіні анықталған жағдайда жоғары тұрған деңгейдегі жаңа нормативтік құқықтық актілер күшіне енген күннен бастап бір ай мерзімде уәкілетті органның бөлімшелері тиісті құрылымдық бөлімшелермен бірлесіп, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу не олардың күші жойылды деп т а н у ж ө н і н д е ш а р а л а р қ а б ы л д а й д ы .

Уәкілетті органдар қабылдаған шаралар туралы ақпаратты нормалары жоғары тұрған деңгейдегі жаңа нормативтік құқықтық актілерге қайшы келетін заңға тәуелді актілерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуді немесе олардың күші жойылды деп тануды көздейтін нормативтік құқықтық актілерді қоса тіркей отырып, олар қабылданғаннан кейін бір апта мерзімде әділет о р г а н д а р ы н а ұ с ы н а д ы .

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.23 N 619, 2009.12.30 № 2305 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз), 2011.05.03 N 476 Қаулыларымен.

7-1. Мемлекеттік орган басшысының (оның міндетін атқарушының) бұйрығымен Заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің тіркеліміне енгізілген барлық заңға тәуелді актілерге (өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу туралы актілерді есептемей) қатысты жүйелі негізде талдау жүргізуді көздейтін заңға тәуелді актілерге тиісті құрылымдық бөлімшелердің өз уәкілетті

органының бөлімшелерімен бірге мониторинг жүргізу кестесі (бұдан әрі - Кесте) ағымдағы күнтізбелік жылдың 20 желтоқсанынан кешіктірмей бекітіледі.

Кесте Заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің (өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу туралы актілерді есептемей) тіркеліміне енгізілген заңға тәуелді актілерге мониторинг жүргізудің іс-шаралары мен нақты мерзімдерін, сондай-ақ мониторинг жүргізілген заңға тәуелді актілерге кезең-кезеңмен оралуды (әр жартыжылдықта, осы жартыжылдықта қабылданған актілерді қоспағанда) к ө з д е й д і .

Ескерту. Ереже 7-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2011.05.03 N 476 Қаулысымен.

8. Осы Ереженің 7-тармағының екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, әр тоқсанның соңғы айының бірінші күніне дейін бөлімшелер өзінің уәкілетті органының тиісті құрылымдық бөлімшелеріне жүргізілген мониторинг туралы ақпаратты және қажет болған жағдайда анықталған заңға тәуелді кесімдерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу не олардың күші жойылды деп тану туралы ұсыныс береді.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.12.25 N 2187, 2011.05.03 N 476 Қаулыларымен.

9. Тиісті құрылымдық бөлімшелер алынған ақпарат пен ұсыныстарды олар түскен сәттен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде талдайды және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті бөлімшелермен бірлесіп, отырып тиісті заңға тәуелді кесімдердің жобаларын әзірлеу бойынша ш а р а л а р қ а б ы л д а й д ы .

Мониторинг нәтижесінде әзірленген Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік қаулыларының жобалары аяқталған тоқсаннан кейінгі айдың 5 күнінен кешіктірмей мемлекеттік органдарға келісуге жіберіледі.

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.12.25 N 2187, 2011.05.03 N 476 Қаулыларымен.

10. Осы Ереженің 21-тармағына сәйкес әділет органдарына беру үшін уәкілетті органның жүргізген жұмыс қорытындылары бойынша тиісті құрылымдық бөлімшелер жылына екі рет қорытылған ақпаратты дайындайды.

Ескерту. 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.12.25 N 2187 Қаулысымен.

10-1. Заңға тәуелді кесімдерге мониторинг жүргізудің толықтығын қамтамасыз ету үшін уәкілетті органдар тоқсан сайын әділет органдарына өткен тоқсанда қабылданған Қазақстан Республикасының министрлері мен орталық мемлекеттік органдардың өзге басшылары бұйрықтарының, орталық мемлекеттік органдар, Орталық сайлау комиссиясы қаулыларының, мәслихаттар шешімдерінің, сондай-ақ әкімдіктер қаулылары мен әкімдер шешімдерінің

тізбесін (ішкі ведомстволық мәселелер бойынша ұйымдастырушылық-кадр және қаржылық-материалдық сипаттағы актілерді қоспағанда) ұсынады.

Ескерту. Ереже 10-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2009.12.25 N 2187 Қаулысымен.

11. Мониторинг жүргізу кезінде бөлімшелердің өзара іс-қимыл тәртібін орталық атқарушы органның жауапты хатшысы (белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органның жауапты хатшысының өкілеттігі жүктелген лауазымды тұлға), ал мұндай болмаған жағдайларда - уәкілетті органның басшысы анықтайды.

Ескерту. 11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.11.19 N 1094 Қаулысымен.

3. Тіркелімдерді жүргізу

12. Мониторинг үшін пайдаланылатын заңға тәуелді кесімдер туралы ақпаратты жинау, есепке алу және сақтау мақсатында тиісті құрылымдық бөлімшелер уәкілетті органның заңға тәуелді нормативтік құқықтық кесімдердің жекелеген тіркелімдерін (бұдан әрі - тіркелімдер) мынадай заңға тәуелді кесімдердің түрлері бойынша жүргізеді:

- 1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік қаулылары;
- 2) Қазақстан Республикасы министрлерінің және өзге де орталық мемлекеттік органдар басшыларының нормативтік құқықтық бұйрықтары;
- 3) орталық мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық қаулылары;
- 4) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2009.12.25 N 2187 Қаулысымен.
- 5) мәслихаттардың нормативтік құқықтық шешімдері, әкімдіктердің нормативтік құқықтық қаулылары, әкімдердің нормативтік құқықтық шешімдері.

Тіркелімдер осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізіледі.

Ескерту. 12-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.23 N 619, 2007.11.19 N 1094, 2009.12.25 N 2187 Қаулыларымен.

13. Уәкілетті органдарда тіркелімдерді тиісті құрылымдық бөлімше жүргізеді.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.07.23. N 619, өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.12.25 N 2187 Қаулыларымен.

14. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелімді министрлік жауапты хатшысы анықтаған бөлімше маманы жүргізеді.

Ескерту. 14-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.11.19. N 1094 Қаулысымен.

15. Тіркелімдер журналдарды білдіреді.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.07.23. N 619 қаулысымен.

16. Тіркелімдердің бір бетіне тек бір нормативтік құқықтық кесім туралы мәліметтер енгізіледі. Бір бетке екі және одан артық нормативтік құқықтық кесімдер туралы мәліметтерді енгізуге жол берілмейді.

17. Тіркелімдер беттерінің нөмірленуі ретті болып табылады.

18. а л ы н ы п т а с т а л д ы

Ескерту. 18-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.07.23. N 619 қаулысымен.

19. Тіркелімдер мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізіледі. Іс-қағаздары тек мемлекеттік тілде ғана жүргізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктерде тіркелім мемлекеттік тілде ғана жүргізілуі мүмкін.

20. Тіркелімдер электронды тәсілмен жүргізілуі мүмкін.

Ескерту. 20-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.12.25 N 2187 Қаулысымен.

20-1. Тіркелімге мәліметтерді енгізу нормативтік құқықтық актілер қолданысқа енгізілгеннен кейін он жұмыс күн ішінде жүзеге асырылады.

Ескерту. Ереже 20-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2011.05.03 N 476 Қаулысымен.

4. Қорытынды ережелер

21. Уәкілетті органдар жарты жылдың қорытындылары бойынша қабылдануының хронологиялық тәртібімен Тіркелімге сәйкес мониторинг жүргізілетін заңға тәуелді актілердің тізбесін, сондай-ақ Кестенің көшірмесін қоса бере отырып, мониторинг нәтижелері туралы ақпаратты заңға тәуелді кесімдердің түрлері бойынша бөлек 15 қаңтарға және 15 шілдеге қарай осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша және осы Ереженің 7-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген мәліметтерді әділет органдарына мынадай т ә р т і п п е н :

орталық мемлекеттік органдар - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне ;

жергілікті мемлекеттік органдар - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне одан әрі беру үшін аумақтық әділет органдарына ұсынады.

Әділет органдары кезең-кезеңмен, бірақ жартыжылдықта кемінде бір рет уәкілетті органдармен бірлесіп, анықталған кемшіліктерді жою жөнінде нақты шаралар әзірлеу мақсатында уәкілетті органдардың мониторинг нәтижелерін т а л қ ы л а й д ы .

Ескерту. 21-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.23 N 619, 2011.05.03 N 476 Қаулыларымен.

22. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі ұсынылған ақпаратты талдайды және қорытады әрі уәкілетті органдар жүргізген заңға тәуелді актілер мониторингінің нәтижелері бойынша қажет болған жағдайда тәртіптік не көтермелеу сипатында шаралар қабылдау туралы ұсыныстар енгізе отырып, осы ақпаратты 10 ақпанға және 10 тамызға қарай Қазақстан Республикасының Үкіметіне жолдайды.

Ескерту. 22-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.05.03 N 476 Қаулысымен.

23. Осы Ереженің 21 және 22-тармақтарын іске асыру Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бірыңғай электронды құжат айналымы жүйесін пайдалана отырып жүзеге асырылуы мүмкін.

24. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі өзінің интернет-ресурсында жарты жылдың қорытындылары бойынша заңға тәуелді кесімдердің мониторингі туралы уәкілетті органдардың ақпаратын талдау және қорыту нәтижелерін орналастырады.

Ескерту. 24-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.12.30 № 2305 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

25. Уәкілетті орган және Әділет министрлігі мүдделі мемлекеттік органдардың сұраулары және азаматтардың өтініштері бойынша заңға тәуелді кесімдердің жүргізілген мониторингі туралы ақпаратты ұсынады.

Заңға тәуелді нормативтік
құқықтық кесімдерге мониторинг
жүргізу ережесіне
1-қосымша

**Нормативтік құқықтық кесімдердің
тізілімі
(200__жылғы_____)**

P / c N	Нормативтік құқықтық кесімнің түрі, қабылданған күні, тіркеу нөмірі және атауы	Нормативтік құқықтық кесімді қабылдау негізі (органның құзыреті) нормативтік құқықтық кесімнің тиісті нормасына сілтемесімен	Нормативтік құқықтық кесімнің мемлекеттік тіркелген күні және нөмірі	Нормативтік құқықтық кесімнің қолданысқа енгізілген күні
1	2	3	4	5

кестенің жалғасы

Нормативтік құқықтық кесімге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы мәлімет	Күшін жоғалтқан нормативтік құқықтық кесімді (немесе олардың жекелеген бөліктерін) тану туралы мәлімет	Нормативтік құқықтық кесімнің қолданылуын тоқтата тұру туралы мәлімет	Бұрын шығарылған нормативтік құқықтық кесімнің ережесі, оның бөліктері (бөлігі) қайшы келетін немесе бұрын шығарылған кесім немесе оның бөлігі (бөліктері) игеретін жаңа нормативтік құқықтық кесімді қолдану немесе қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты нормативтік құқықтық кесім (немесе олардың жекелеген бөліктері) әрекетінің тоқтатылуы туралы мәлімет	Нормативтік құқықтық кесімнің жойылғаны туралы мәлімет
6	7	8	9	10

Е с к е р т п е :

тіркелім мөлшері мынадай параметрлерге сәйкес келуі тиіс:
көлденеңі 42 см, ұзындығы 25 см.

Заңға тәуелді нормативтік
құқықтық кесімдерге мониторинг
жүргізу ережесіне
2-қосымша

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.07.23 N 619, өзгерту енгізілді - 2007.11.19 N 1094 Қаулыларымен.

1 нысан

Мониторинг нәтижелері _____
(заңға тәуелді нормативтік құқықтық кесім түрінің атауы)

(уәкілетті органның атауы)
(сандық аппарат көрсетіледі)

Р/с N	Мониторинг нәтижелері	Нормативтік құқықтық кесімдердің саны
1.	Қолданыстағы заңға тәуелді нормативтік құқықтық кесімдер	
2.	Заңға қайшы келетін ретінде қолданыстағы заңнамаға сәйкес келтіруді талап ететін заңға тәуелді нормативтік құқықтық кесімдер:	
	1) өзгерістер мен толықтырулар енгізу	
	2) күші жойылды деп тану	
	3) қолданылуын тоқтату (немесе жекелеген нормамен)	
	4) жою	
3	Мыналарды талап ететін құқық қолдану практикасында тиімсіз іске асырылатын заңға тәуелді нормативтік құқықтық кесімдер;	

	1) өзгерістер мен толықтырулар енгізу	
	2) күші жойылды деп тану	
4	Ескірген ретінде қолданыстағы заңнамаға сәйкес келтіруді талап ететін заңға тәуелді нормативтік құқықтық кесімдер;	
	1) өзгерістер мен толықтырулар енгізу	
	2) күші жойылды деп тану	
5	Заңға қайшы келетін ретінде қолданыстағы заңнамаға сәйкес келтірілген заңға тәуелді нормативтік құқықтық кесімдер:	
	1) өзгерістер мен толықтырулар енгізілген	
	2) күші жойылды деп танылған	
	3) қолданылуы тоқтатылған (немесе жекелеген нормамен)	
	4) жойылған	
6	Заңнамаға сәйкес келтірілген құқық қолдану практикасында тиімсіз іске асырылатын заңға тәуелді нормативтік құқықтық кесімдер:	
	1) өзгерістер мен толықтырулар енгізілген	
	2) күші жойылды деп танылған	
	3) қолданылуы тоқтатылған (немесе жекелеген нормамен)	
7	Ескірген ретінде қолданыстағы заңнамаға сәйкес келтірілген заңға тәуелді нормативтік құқықтық кесімдер:	
	1) өзгерістер мен толықтырулар енгізілген	
	2) күші жойылды деп танылған	

Е с к е р т п е :

1-жолда негізгі кесімдердің (өзгерістерді және/немесе толықтыруларды есептемей) саны көрсетіледі.

орталық атқарушы органның жауапты хатшысы
(белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органның
жауапты хатшысының өкілеттігі жүктелген лауазымды
тұлға), ал мұндай болмаған жағдайларда -
уәкілетті органның басшысы _____
(Т.А.Ө)

200__ жылғы _____
(қолы)

№ 2 нысан

Заңнамаға қайшы келетін анықталған _____
(заңға тәуелді кесімнің түрі)

жөніндегі және олар бойынша _____
 (уәкілетті органның атауы)
 қабылданған немесе қабылдайтын шаралар туралы ақпарат
 (сипаттама ақпарат көрсетіледі)

P/c N	Заңға тәуелді нормативтік құқықтық кесімнің түрі, қабылданған күні, тіркелген нөмірі және атауы	Заңға тәуелді нормативтік құқықтық кесімдердің әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күні және нөмірі	Заңға тәуелді нормативтік құқықтық кесімге сәйкес келмейтін кесімнің бөлігі, абзацы, тармағы, бабы, түрі, қабылданған күні, тіркеу нөмірі және атауы	Қабылданатын шаралар	
				өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізу жөніндегі кесім жобасының атауы, келісу сатысы	күші жойылды деп тану жөніндегі кесім жобасының атауы, келісу сатысы
1	2	3	4	5	6

кестенің жалғасы

Қабылданатын шаралар		Қабылданған шаралар			
қолданылуын тоқтата тұру жөніндегі кесім жобасының атауы, келісу сатысы	ж о ю жөніндегі кесім жобасының атауы, келісу сатысы	өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізу жөніндегі кесімнің түрі, қабылданған күні, тіркелген нөмірі және атауы	к ү ш і жойылды деп тану жөніндегі кесімнің түрі, қабылданған күні, тіркелген нөмірі және атауы	қолданылуын тоқтата тұру жөніндегі кесімнің түрі, қабылданған күні, тіркелген нөмірі және атауы	ж о ю жөніндегі кесімнің түрі, қабылданған күні, тіркелген нөмірі және атауы
7	8	9	10	11	12

№ 3 нысан

_____ іске асыру тиімділігін бағалау жөніндегі
 (заңға _____ тәуелді _____ түрі)
 және олар бойынша _____ қабылданған
 (уәкілетті органның атауы)
 шаралар туралы ақпарат
 (сипаттама ақпарат көрсетіледі)

P / c N			Заңға тәуелді құқықтық кесімнің құқық қолдану практикасында	Қабылданатын шаралар	
өзгерістер мен (немесе)	Нормативтік құқықтық кесімнің	Нормативтік құқықтық кесімнің		күші жойылды деп тану	

толықтырулар енгізу жөніндегі кесім жобасының атауы, оны келісу сатысы	түрі, қабыл- данған күні, тіркелген нөмірі және атауы	әділет органда- рында мемле- кеттік тіркелген күні және нөмірі	тиімсіз іске асырылуы туралы бағалаудың негізде- месі (іске асырылады немесе жоқ)	жөніндегі кесім жобасының атауы, оны келісу сатысы	
1	2	3	4	5	6

кестенің жалғасы

Қабылданатын шаралар		Қабылданған шаралар			
қолда- нылуын тоқтата тұру жөнін- дегі кесім жоба- сының атауы, оны келісу сатысы	құқық қолдану практика- сында іске асырыл- майтын заңға тәуелді норма- тивтік құқықтық кесімді қабылдауға арналған құзыретті жоғары тұрған нормативтік құқықтық кесімдерден алып тастау жөніндегі кесім жобасының атауы, оны келісу сатысы	өзгерістер мен (немесе) толықты- рулар енгізу жөніндегі кесімнің түрі, қабыл- данған күні, тіркелген нөмірі және атауы	күші жойылды деп тану жөніндегі кесімнің түрі, қабыл- данған күні, тіркелген нөмірі және атауы	қолданылуын тоқтата тұру жөніндегі кесімнің түрі, қабыл- данған күні, тіркелген нөмірі және атауы	құқық қолдану практика- сында іске асырылмайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық кесімді қабылдауға арналған құзыретті жоғары тұрған нормативтік құқықтық кесімдерден алып тастау жөніндегі кесім жобасының түрі, қабылданған күні, атауы
7	8	9	10	11	12

Ескертпе:

осы нысанды толтырған кезде тек тиімсіз деп танылған және ол бойынша шаралар қабылданған анықталған нормативтік құқықтық кесім бойынша ақпарат енгізіледі

Уәкілетті органның басшысы _____

(Т.А.Ә.)

200_ жылғы " _ " _____

№ 4 нысан

ескірген норманы қамтитын анықталған _____

(заңға тәуелді кесімнің түрі)

жөніндегі және олар бойынша _____

(уәкілетті органның атауы)

қабылданған немесе қабылдайтын шаралар туралы ақпарат

(сипаттама ақпарат көрсетіледі)

Р / с N	Қабылданатын шаралар				
	З а ң ғ а тәуелді нормативтік құқықтық кесімнің түрі, қабылданған күні, тіркелген нөмірі және атауы	З а ң ғ а тәуелді нормативтік құқықтық кесімдердің әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күні және нөмірі	Ескірген норма бар абзац, тармақ	к ү ш і жойылды деп тану жөніндегі кесім жобасының атауы, о н ы келісу сатысы	
1	2	3	4	5	6

кестенің жалғасы

Қабылданған шаралар	
өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізу жөніндегі кесімнің түрі, қабылданған күні, тіркелген нөмірі және атауы, оны келісу сатысы	күші жойылды деп тану жөніндегі кесімнің түрі, қабылданған күні, тіркелген нөмірі және атауы, оны келісу сатысы
7	8

Уәкілетті органның басшысы _____

(Т.А.Ә.)

200_ жылғы " _ " _____

_____ қолы